

Шәкен Аймановтың 100 жылдығына арналған Республикалық балалар (кино) өнерінің фестивалінің БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Алматы қаласында 2014 жылғы 25-28 маусымда Қазақ киносының негізін қалаушы Шәкен Аймановтың 100 жылдығына арналған **Республикалық балалар өнерінің фестивалін (кино)** өткізеді.

Фестиваль-конкурса республикамыздың балалар шығармашылық киностудиялардың ұжымдарынан (облыстық конкурстардың жеңімпаздары) жастары 12-16 аралығында, үздік фильмдерінің 80 авторы қатысады.

Фестивальдың мақсаты мен міндеттері: балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін қажетті жағдай жасау; конкурс номинацияларының кең шоғыры арқылы бейнефильмдер әзірлеуші жас операторлар мен режиссерлердің шеберліктерін арттыру; балалардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін дамыту, олардың ой-өрісін кеңейту, қарым-қатынасын, шыдамдылығын және ынтымақтастығын нығайту.

Республикалық фестивальдың ашылу салтанаты **26 маусым күні сағат 10.00-де** Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының мектеп-интернат, колледжінің концерт залында өтеді (*Каблуков к-сі, 133*).

Фестиваль аясында балалардың шығармашылық жұмыстарының конкурсы төрт номинация бойынша жүргізіледі: «Ойын фильмі»; «Анимациялық фильм»; «Музыкалық фильм»; «Әлеуметтік роликтер».

Конкурстық жұмыстарды отандық журналистика, телевизия және кино саласының көрнекті қызметкерлері қатарынан құрылған қазылар алқасы бағалайтын болады.

Жеңімпаздар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Фестиваль бағдарламасында Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясына экскурсия (*сандық кешен, анимациялық студия, дыбыс жазу студиялары, үлбір өңдеу лабораториясы*), белгілі актерлердің, режиссерлердің шеберлік сыныптары, шығармашылық кездесу, үздік кинофильмдердің сюжеттерін көрсету қамтылған.

Республикалық фестивальдың жабылу салтанаты және Конкурстың дипломанттары мен лауреаттарын марапаттау рәсімі **27 маусым күні сағат 15.00-де** өтеді (*Каблуков к-сі, 133*).

Фестиваль қатысушыларға қызықты да күрделі кино өнерінің әлеміне бастар жолдың алғашқы баспалдағы болады, білім беру ұйымдарындағы

түрлі балалар шығармашылық киностудиялардың ұжымдарын біріктіреді, еліміздің жаңа буын өкілдері үшін маңызды ақпараттық алаң болады, болашақ мамандығын анықтауға ықпал етеді.

Қосымша ақпараттарды электронды пошта: e-mail: berikovna@list.ru немесе мына телефондар: 8(727) 3870834; 8(7172) 445342; 87773287821 бойынша алуға болады.